

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/EZPK4817>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/SGPQ5902>

**Ж. Р. Шуакбаева¹, *Б. К. Оспанова², Ш. О. Орынғалиева³,
Н. К. Султанова⁴, Н. Б. Серикбаева⁵**

^{1,2,3,4}Alikhan Bokeikhan University,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.;

⁵Шәкәрім университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

*e-mail: sandorik84bk@mail.ru

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4300-7205>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0314-3539>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2257-0587>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2734-2599>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7490-7639>

КОММУНИКАТИВТІ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ИНКЛЮЗИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Болашақ педагогтердің инклюзивті білім беру қызметіне даярлығы ғылым мен педагогикалық білім берудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты болашақ педагогтердің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыруда олардың психологиялық тұрғыдан инклюзивті қызметке дайындығын талқылау, жоғарғы оқу орнында білім алып жатқан болашақ педагогтердің ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға білім беру және тәрбиелеу үрдісіне психологиялық тұрғыда дайындығын зерттеу болып табылады. Болашақ педагогтер инклюзивті білім беру кеңістігінде жұмыс жасау барысында олардың жеке бас қасиеттері, психологиялық даярлығы маңызды рөл атқарады. Педагогтің психологиялық даярлығы инклюзивті білім беруді сапалы іске асырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Мақалада болашақ педагогтердің коммуникативті толеранттылығын зерттеу нәтижелері талқыланады. Зерттеуге Абай облысы, Семей қаласындағы «Alikhan Bokeikhan University» білім беру мекемесінің педагогикалық бағытта білім алатын 92 білім алушысы қатысты. Зерттеу әдісі ретінде В. В. Бойконың коммуникативті

толеранттылық диагностикалық тесті қолданылды. Инклюзивті білім беруді нәтижелі іске асыруда болашақ педагогтердің психологиялық даярлығының алатын орны ерекше екені белгілі, сол себепті болашақ педагог мамандарды дайындайтын жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың психологиялық даярлығын, олардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен толерантты өзара әрекеттесу қабілеттерін қалыптастырудың маңызы зор.

Кілтті сөздер: инклюзивті білім беру; инклюзивті құзыреттілік; психологиялық даярлық; коммуникативті толеранттылық; кәсіби даярлық.

Кіріспе

Еліміздегі білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі болып инклюзивті білім беруді нәтижелі және сапалы іске асыруға қабілетті, инклюзивті құзыреттілігі қалыптасқан педагогтерді даярлау болып табылады. «Қазіргі әлемдік білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі инклюзивті білім беруді дамыту болғандықтан, білім беру жүйесі барлық балалардың әртүрлілігіне сәйкес келуі керек»[1].

Инклюзивті білім беруді тиімді іске асырудағы негізгі мәселелердің бірі жоғарғы оқу орындарында инклюзивті құзыретті мамандар даярлау болып табылатындығы анық. Кристина Микитчуктің ойынша: «Педагог білім үрдісін жоғары деңгейде іске асырумен қатар дамуында ақауы бар балаға қажетті білім, дағдылар кешенін қалыптастырып және оның әлеуметтік бейімделуіне, сыртқы ортамен, басқа адамдармен қарым-қатынас орната алуына көмек көрсете алуы қажет»[2].

Шетелдік ғылымдардың еңбектеріне сүйене отырып инклюзивті білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі инклюзивті құзыретті мамандар дайындап шығару екенін айқын көруге болады. Атап айтсақ Lauren Tristani, Rebecca Bassett-Gunter [3], Adam W. McCrimmon [4], Anne Jordan, Christine Glenn, Donna McGhie-Richmond [5] педагогтердің инклюзивті білім беруге дайындығының маңыздылығын айқындаса, Jennifer Campbell, Linda & Monica Cuskelly [6], Shlomo Romi, Yona Leyser [7] ғылыми зерттеулерінде болашақ педагогтердің инклюзивті білім беруге деген көзқарасын, инклюзивті құзыреттілігін қалыптастырудағы қажеттіліктерін қарастырды.

Болашақ педагогтердің инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыруда кәсіби құзыреттермен қатар жеке қасиеттерінің де алатын орыны ерекше. Kudarinova A. [8], Danilova O. [9] өз зерттеулерінде инклюзивті білім беруді сапалы жүзеге асыруда педагогтердің кәсіби білімдері мен кәсіби

құзыреттіліктерімен қатар жеке қасиеттерінің де алатын орыны зор екенін атап өтті.

Болашақ педагогтердің психологиялық дайындықтарын қалыптастыру мақсатында диагностикалық зерттеулер жүргізу инклюзивті білім берудің ерекше жағдайларын, сондай-ақ осы дайындықтың мазмұнын, құрылымын, өлшемдерін ескеріп және диагностиканың қосымша әдістері мен әдістерінің кешенін қолдана отырып жүргізілсе жақсы нәтиже болатынының түсіну қажет.

Бірқатар зерттеуші ғалымдар өз еңбектерінде инклюзивті білім беру аясында қолданылатын әдістерді анықтап көрсетті (Н. П. Артюшенко, Д. З. Ахметова, О. С. Кузьмина, Н. А. Медова, Н. Я. Семаго, Ю. В. Шумиловская және т. б.): атап айтсақ, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды әлеуметтендіруді нәтижелі іске асырудың негізі шарттарының бірі ретінде әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға дені сау құрдастарымен бірге білім беру және тәрбиелеу; ешқандай алауашылықтың болмауы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуда өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергі келтірмеу; әр баланың ерекшелігін қабылдау; балалардың басқалармен толерантты қарым-қатынас орнатуына және әр баланың жеке басының толыққанды дамуына ықпал ету.

Инклюзивті құзыретті педагогтерді даярлауда психологиялық дайындықтың алатын орны ерекше. Ғалымдардың соңғы зерттеулеріне сүйенсек ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге қабілетті педагогтерді даярлауда олардың психологиялық дайындығына аз көңіл бөлінуде. Инклюзивті білім беру аясында қызмет жасау барысында педагог ең алдымен психологиялық тұрғыда қызметке дайын болғаны абзал.

Инклюзивті білім беру тәжірибесін тиімді іске асыру мәселелерінің бірі оны жүзеге асыруға дайын кадр ресурстарының болмауы болып табылады. Педагогтердің тиісті құндылық бағдарларынсыз, оның мотивациясынсыз, бастамасынсыз және арнайы күш - жігерсіз ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы оқу процесіне шынайы енгізуді қамтамасыз ету мүмкін емес. С. В. Алехина, М.Н. Алексеева, Е. Л. Агафонова, Н. П. Артюшенко, О. С. Кузьмина, Е. Г. Самарцева, И. Н. Хафизуллина, В. В. Хитрюк, Ю. В. Шумиловская және т. б. атап өткендей, бүгінде қоғамда инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметті сәтті жүзеге асыратын педагогтерге объективті қажеттіліктер бар, бірақ инклюзивті тәжірибені тиімді жүзеге асыруға педагогтердің дайындығының жеткіліксіз екендігі анықталып отыр.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Осы орайда біздің зерттеу жұмысымызда В.В. Бойконың коммуникативті толеранттылық диагностикалық тестінің көмегімен толерантты мінез-құлық дағдыларын анықтауға байланысты зерттеуге Абай облысы, Семей қаласы,

«Alikhan Bukeikhan University» ББМ гуманитарлық факультеті бойынша педагогикалық білім беру бағдарламаларының білім алушылары қатысты. Эмоционалды-ерікті компонентті зерттеу үшін жеке мінез-құлық белгісінде көрінетін, В.В. Бойко басқа адамның даралығын түсіну және қабылдау ретінде бөліп қарастырған коммуникативті толеранттылыққа ерекше назар аударады.

Талқылау


Педагогикалық бағытта білім алатын 3-4 курс білім алушылары арасында жүргізілген В.В. Бойконың коммуникативті толеранттылық диагностикалық тестінің нәтижелеріне талдау жасау нәтижелері төмендегідей көрсеткіштерді анықтайды.

1-кесте – Коммуникативті толеранттылықты анықтаудың көрсеткіштері

Деңгейі	Жалпы ұпай саны	Шкала бойынша ұпай саны
Жоғары деңгейдегі толеранттылық	1 – 45	0 – 5
Орта деңгейдегі толеранттылық	45 – 85	6 – 10
Төмен деңгейдегі толеранттылық	85 – 125	11 – 15
Басқаларды толық қабылдамау	125 – 135	

Коммуникативті толеранттылықтың диагностикасын В.В. Бойко сауалнамасын қолдана отырып жүргіздік, ол коммуникативті толеранттылықтың жалпы деңгейін және білім алушылардың мінез-құлықтары бағытында жеке көрсеткіштерді анықтауға көмектеседі. Зерттеу жұмысына педагогикалық бағытта білім алып жатқан 92 респондент қатысты.

Коммуникативті толеранттылықты анықтау мақсатындағы негізгі критерийлердің нәтижесінде (кесте 1) келесідегідей көрсеткіштер анықталды (сурет 1).



1-сурет – Коммуникативті толеранттылық деңгейінің көрсеткіші

Зерттеу нәтижелері

Жоғарыдағы суретке сүйене отырып, төмен деңгейдегі коммуникативті толеранттылықты 87–114 аралығында балл жинаған 5 респонденттің жауабының нәтижесінен көруге болады. Аталған нәтижелер бір адамның басқа адаммен қарым-қатынаста интолерантты мінез-құлқын, оның адамдардың жеке ерекшеліктеріне ашық түрде төзе алмайтындығын, сондай-ақ болашақта тиімді әлеуметтік байланыс жасау үшін өзінің коммуникативті дағдыларын арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Орта деңгейдегі коммуникативті толеранттылықтың пайыздық көрсеткіші 41,3 % (38 білім алушы) болса, жоғары деңгей 53,2 % (49 білім алушы) құрайды. Бұл коммуникативтік төзімділіктің жоғары деңгейі қалыптасқанын, олардың тепе-теңдігін, түсінушілігін және әртүрлі типтегі адамдармен үйлесімділігін көрсетеді.

Коммуникативті толеранттылықтың қалыптасу деңгейі бойынша дайындық бағыттарын талдай отырып, біз талдаудың келесі кезеңінде ішкі бөлімдер бойынша талдау жасадық.

2-кесте – Бөлімдер бойынша коммуникативтік толеранттылық көрсеткіштері

№	Бөлімнің атауы	Жоғары деңгей		Орта деңгей		Төмен деңгей	
		Саны	%	Саны	%	Саны	%
1	Адамның даралығын қабылдау немесе түсінбеу	54	58,6 %	34	36,9 %	4	4,3 %
2	Басқаларды бағалау кезінде өзін эталон ретінде пайдалану	66	71,7 %	24	26 %	2	2,1 %

№	Бөлімнің атауы	Жоғары деңгей		Орта деңгей		Төмен деңгей	
		Саны	%	Саны	%	Саны	%
3	Адамдарды бағалаудағы үзілді-кесілділік немесе консерватизм	51	55,4 %	35	38 %	6	6,5 %
4	Жағымсыз сезімдерді жасыра алмау, болдырмау	62	67,3 %	25	27,1 %	5	5,4 %
5	Қарым-қатынаста серіктесін өзгертуге, қайта тәрбиелеуге деген ұмтылыс	64	69,5 %	25	27,1 %	3	3,2 %
6	Қарым-қатынас кезінде басқа қатысушыларды өз дегеніне көндіруге ұмтылыс	53	57,6 %	30	32,6 %	9	9,7 %
7	Басқалардың қателіктерін кешіре алмау	53	57,6 %	28	30,4 %	11	11,9 %
8	Қарым-қатынас кезінде серіктесінің ыңғайсыз (ауру, шаршау, көңіл-күйдің болмауы) жағдайларына төзбеушілік	54	58,9 %	34	36,9 %	4	4,3 %
9	Қарым-қатынас кезінде басқа қатысушыларға бейімделе алмау	49	53,2 %	36	39,1 %	7	7,6 %


«Адамның даралығын қабылдамау немесе түсінбеу», «Қарым-қатынас кезінде серіктесінің ыңғайсыз жағдайларына төзбеушілік» бөлімдері бойынша респонденттердің жауабы бірдей көрсеткіш көрсетті. Білім алушыларда коммуникативті төзімділіктің жоғары деңгейі басым (58,6 %), орта деңгейде орташа (36,9 %), ал төменгі деңгей аз көрсеткішті (4,3 %)

құрайды. Бұл дегеніміз кейбір білім алушыларға басқа адамның ерекшелігін түсіну және қабылдау кейде қиындық туғызады және нақты жағдайларға байланысты болады.

«Басқаларды бағалау кезінде өзін эталон ретінде пайдалану», «Жағымсыз сезімдерді жасыра алмау, болдырмау», «Қарым-қатынаста серіктесін өзгертуге, қайта тәрбиелеуге деген ұмтылыс» бөлімдерінде респонденттер орта және төменгі деңгейде аз ұпай жинады, сәйкесінше жоғарғы коммуникативті толеранттылық деңгейін көрсетті (71,7 %; 67,3 %; 69,5 %). Диагностикалық тестілеуге қатысқан білім алушылардың басым бөлігі адамдардың мінез-құлқын, ойлау тәсілін немесе жеке сипаттамаларын бағалау арқылы өзін эталон ретінде қарастырмайтындығын, қарым-қатынас кезінде серіктесіне деген жағымсыз сезімдерді жасыра алатындықтарын, басқа адамдарды қайта тәрбиелеуге, өз қалауы бойынша өзгертуге тырыспайтындықтарын көрсетті.

Коммуникативті толеранттылықтың төмен деңгейі «Басқалардың қателіктерін кешіре алмау» (11,9 %), «Қарым-қатынас кезінде басқа қатысушыларды өз дегеніне көндіруге ұмтылыс» (9,7 %) және «Қарым-қатынас кезінде басқа қатысушыларға бейімделе алмау» (7,6 %) бөлімдерінде орын алды. Қатысушылардың 7-10 пайызы басқаларды өзінің мінезіне, әдеттеріне, талаптарына сәйкес келтіруге тырысады, басқа адамдар қателік жасаған жағдайда кешіру қиындық туғызады және басқа адамдарға бірден бейімделу қиынға соғады. Бірақ, осы бөлімдер бойынша ең көп көрсеткіш жоғарғы деңгейде.

Коммуникативті толеранттылықтың жоғары деңгейіндегі аз көрсеткіш «Адамдарды бағалаудағы үзілді- кесілділік немесе консерватизм» бөлімінде. Кейбір қатысушылар адамдарды бағалауда консервативті көзқараста болады, сондықтан басқа адамдарға түсінушілікпен қарап, ой өрісін кеңейту қажет.



2-сурет – Тестілеудің бөлімдер бойынша көрсеткіштері

Берілген диаграммаға сәйкес тестілеудің барлық бөлімдері бойынша респонденттер толерантты коммуникативтіліктің жоғары деңгейіне ие екенін көрсуге болады, келесі көрсеткіш орта деңгейде болса, соңғы көрсеткіш төмегі деңгейдегі коммуникативтілік толеранттылыққа тиесілі болды. Осы нәтижелерге сай болашақ педагогтердің басым бөлігінде коммуникативті толеранттылық жақсы деңгейде қалыптасқанын көруге болады.

Қорытынды

Бүгінгі күні еліміздегі педагог мамандардың жасап жатқан қызметінің негізгі бағыттарының бірі – білім берудің парадигмасын, білім мазмұнын, кәсіби-педагогикалық қызметтің моделін жаңарту болып табылады. Болашақ педагогтер өмір бойы білім алу қажет екенін түсіне алуға қабілетті, өз бетінше ізденіп үздіксіз білім алатын және осы білімдерін күнделікті білім беру үрдісінде пайдаланатын маман болып қалыптасулары қажет.

Б.К. Оспанова өз зерттеуінде атап көрсеткендей: «Педагогтердің инклюзивті білім беру жүйесіндегі жұмысқа бейімделуінің маңызды факторы олардың жеке қасиеттерінің оқушылармен осы жұмыстың талаптарына сәйкестігі болып табылады» [10].

Болашақ педагогтердің коммуникативті толеранттылығын диагностикалаудың нәтижесі педагогикалық бағытта білім алып жатқан болашақ педагогтердің басым көпшілігінің коммуникативті толеранттылығы жоғары деңгейде екенін көрсетті. Дегенмен, білім алушылардың орта, төмен деңгей бойынша көрсеткіштерге ие болған бөлігінің коммуникативті толеранттылығы төмен деңгейде екені байқалды. Осы зерттеу жұмысының қорытындысы нәтижесінде педагогикалық бағытта білім алатын білім алушылардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру барысында олардың коммуникативті толеранттылығын қалыптастыру мақсатындағы жұмыстар жүргізу ұсынылады. Болашақта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда жақсы нәтижеге қол жеткізудің негізгі факторларының бірі болашақ педагогтердің осы қызметке психологиялық дайындығы екені анық. Сол себепті, жоғарғы оқу орындарында болашақ педагогтерді даярлауда олардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастырумен қатар инклюзивті білім беруге психологиялық даярлығын да ескеру қажеттілігі туындайды.

References

1 Holmqvist, M., Lelinge, B. Teachers' collaborative professional development for inclusive education [Text] // European Journal of Special Needs Education. – 2021. – Vol. 36. – № 5. – P. 819–833.

2 **Mykyteichuk, K. et al.** Future Teacher Training for Work in the Inclusive Education Framework [Text] // Revista Romaneasca pentru Educatie Multidimensionala. – 2022. – Vol. 14. – № 2. – P. 244–256.

3 **Tristani, L. et al.** Making the grade: teacher training for inclusive education: A systematic review [Text] // Journal of Research in Special Educational Needs. – 2019. – Vol. 20. – № 3. – P. 246–264.

4 **McCrimmon, A. W.** Inclusive Education in Canada: Issues in Teacher Preparation [Text] // Intervention in School and Clinic. – 2015. – Vol. 50. – № 4. – P. 234–237.

5 **Jordan, A., Glenn, C., McGhie-Richmond, D.** The Supporting Effective Teaching (SET) project: The relationship of inclusive teaching practices to teachers' beliefs about disability and ability, and about their roles as teachers [Text] // Teaching and Teacher Education. – 2010. – Vol. 26. – № 2. – P. 259–266.

6 **Campbell, J., Gilmore, L., Cuskelly, M.** Changing student teachers' attitudes towards disability and inclusion [Text] // Journal of Intellectual & Developmental Disability. – 2003. – Vol. 28. – № 4. – P. 369–379.

7 **Romi, S., Leyser, Y.** Exploring inclusion preservice training needs: a study of variables associated with attitudes and self-efficacy beliefs [Text] // European Journal of Special Needs Education. – 2006. – Vol. 21. – № 1. – P. 85–105.

8 **Kudarinova, A. et al.** Readiness of Pre-Service Teachers to Implement Inclusive Education [Text] // wisdom. – 2023. – Vol. – 25. – № 1. – P. 145–155.

9 **Danilova, O. V.** Formation of psychological readiness of future teachers for activity in the conditions of inclusive education [Text] // Bulletin Soznanie. – 2021. – Vol. 23. – № 7. – P. 11–18.

10 **Berikkhanova, G. et al.** The Effectiveness of the Training Model of the Future Teacher in Conditions of Inclusive Education [Text] // International Journal of Education and Practice. – 2021. – Vol. 9. – № 4. – P. 670–686.

09.09.24 ж. баспаға түсті.

21.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

13.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Ж. Р. Шуакбаева¹, *Б. К. Оспанова², Ш. О. Орынғалиева³,
Н. К. Султанова⁴, Н. Б. Серикбаева⁵

^{1,2,3,4}Alikhan Bokeikhan University,

Республика Казахстан, г. Семей;

⁵Шәкәрім университеті,

Республика Казахстан, г. Семей.

Поступило в редакцию 09.09.24.

Поступило с исправлениями 21.10.24.

Принято в печать 13.05.25.

КОММУНИКАТИВНАЯ ТОЛЕРАНТНОСТЬ КОМПОНЕНТ ИНКЛЮЗИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Проблема формирования психологической готовности будущих педагогов к работе в инклюзивном образовании является одной из самых актуальных задач в научной и педагогической сфере. Целью нашей исследовательской работы является анализ проблемы психологической подготовки будущих педагогов в формировании их инклюзивной компетентности, изучение психологической готовности обучающихся педагогической направленности к инклюзивной образовательной деятельности. Психологическая подготовка к инклюзивной образовательной деятельности рассматривается как целостный процесс индивидуального образования, который постоянно осуществляется и способствует эффективности работы. Она проявляется в стремлении и способности будущих учителей воспитывать и развивать обучающихся в условиях инклюзивного образования. В статье представлены результаты исследования уровней коммуникативной толерантности будущих педагогов.. В исследовании приняли участие 92 обучающегося педагогического направления образовательного учреждения «Alikhan Bokeikhan University» г. Семей, Абайской области. В качестве метода исследования был использован диагностический тест на коммуникативную толерантность В.В. Бойко. Известно, что психологическая подготовка будущих педагогов занимает особое место в успешной реализации инклюзивного образования, поэтому большое значение имеет формирование психологической подготовки обучающихся и их способности к толерантному взаимодействию

с детьми с особыми образовательными потребностями в вузах, готовящих будущих педагогических специалистов.

Ключевые слова: инклюзивное образование; инклюзивная компетентность; психологическая подготовка; коммуникативная толерантность; профессиональная подготовка.

*Zh. R. Shuakbayeva¹, *B. K. Ospanova², Sh. O. Oryngaliyeva³,
N. K. Sultanova⁴, N. B. Serikbayeva⁵*

^{1,2,3,4}Alikhan Bokeikhan University,

Republic of Kazakhstan, Semey;

⁵Shakarim University,

Republic of Kazakhstan, Semey.

Received 09.09.24.

Received in revised form 21.10.24.

Accepted for publication 13.05.25.

COMMUNICATIVE TOLERANCE IS A COMPONENT OF INCLUSIVE COMPETENCE OF FUTURE TEACHERS

The issue of developing psychological readiness in future teachers for inclusive education is a significant concern in the fields of science and pedagogy. This research aims to analyze the challenges associated with the psychological preparation of future teachers in fostering their inclusive competence. Psychological preparation for inclusive educational activity is considered as a holistic individual education, which is constantly functioning, ensures the effectiveness of activity, manifests itself in the desire and ability of future teachers to carry out education and development of students in the conditions of inclusive education. The article discusses results of the study of communicative tolerance of future teachers. The study involved 92 students of pedagogical specialties of the educational institution «Alikhan Bokeikhan University» in Semey, Abay region. As a method of research was used diagnostic test for communicative tolerance V. V. Boyko. It is known that psychological training of future teachers occupies a special place in the successful implementation of inclusive education, so the formation of psychological training of students and their ability to tolerant interaction with children with special educational needs in universities preparing future pedagogical specialists is of great importance.

Keywords: inclusive education; inclusive competence; psychological training; communicative tolerance; vocational training.

Теруге 12.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 32,63.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4404

Сдано в набор 12.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4404

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz